

**"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 237 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.03.2019 № 142 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 36, 209-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

16-тармақ:

мынадай мазмұндағы 32-1), 32-2), 98-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-1) бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекет ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын бұқаралық ақпарат құралдары көрсететін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту;

32-2) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін бекіту;"

"98-1) жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларын бекіту;"

17-тармақта:

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның жүзеге асырылуын бақылау;"

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың жетінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК